

Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары

Жұмыспен қамту және жұмыссыздық


Жариялау күні: 12.08.2024
Келесі жариялау күні: 12.11.2024

- [1. Негізгі ойлар](#)
- [2. Еңбек нарығындағы жағдай](#)
- [3. Еңбек нарығы көрсеткіштерінің динамикасы](#)
- [4. Глоссарий](#)
- [5. Әдістемелік түсініктемелер](#)
- [6. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі ойлар

2024 жылғы 2 тоқсандағы жұмыспен қамту деңгейі 15 жастан үлкен жастағы халық санына шаққанда 64,9%, жұмыс күшінің санына шаққанда – 95,3% құрады. Жұмыссыздық деңгейі (Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша) 4,7% құрады. Жұмыссыздар саны (ХЕҰ әдістемесі бойынша) 451 мың адамды құрады. Жұмыс істемейтін және білім алумен немесе оқыумен айналыспайтын NEET жастарының үлесі 6,5%-ды құрады.

2024 жылдың маусым айының соңында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ЕХӘҚМ) деректері бойынша халықты жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп жүрген адам ретінде 67,1 мың адам жүгінген. Жұмыспен қамту бойынша барлығы 41 мың іс-шаралар көрсетілді, 7,2 мың адам кәсіптік оқытуға немесе қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілді, 7,3 мың адам қоғамдық жұмыстарға қатысты.



2. Еңбек нарығындағы жағдай

Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу деректері бойынша Қазақстан экономикасының түрлі салаларында 9,2 млн адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде 7 млн адам (экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 75,9%) жалдамалы жұмыспен, 2,2 млн адам (экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 24,1%) өзін-өзі жұмыспен қамтыды.

2023 жылдың 2 тоқсанымен салыстырғанда жалпы жұмыспен қамтылғандар 75,3 мың адамға, негізінен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың (50,1 мың адамға) есебінен өсті, сонымен қатар жалдамалы қызметкерлердің саны (25,2 мың адам) өсті.


Жұмыспен қамтылғандардың ең көп үлесі сауда (16,8%), білім беру (13%), өнеркәсіп (12,6%) және ауыл шаруашылығы (11,5%) салаларында байқалды.

Негізгі жұмыста орта есеппен бір жұмыспен қамтылғанның аптасына нақты жұмыс істеген сағаттары 38 сағатты, бір жалдамалы қызметкерге – 40 сағатты, өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерге – 35 сағатты құрады.

Жұмыссыз, бірақ жұмыс іздемеген немесе жұмысқа кірісуге дайын емес адамдар саны (әлеуетті жұмыс күші) 29,9 мың адамды құрады.

Жұмыс күш құрамына кірмейтін адамдардың үлесі 15 және одан жоғары жастағы халықтың 31,9%-ын құрады.

Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі




денсаулық жағдайына байланысты

Электрондық кестелер[Жұмыс күші](#)[Жұмыспен қамтылған халық](#)[Өзін-өзі жұмыспен қамту](#)[Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық кіріс деңгейі бойынша](#)[Жұмыс уақыт](#)[Жұмыссыз халық](#)[Жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдар](#)**3. Еңбек нарығы көрсеткіштерінің динамикасы**

Жұмыссыздық деңгейі (ХЕҰ әдіснамасы бойынша) 2023 жылдың 2 тоқсаны деңгейінде сақталды және 4,7% құрады.

ҚР ЕХӘҚМ жұмыспен қамту органдарында 2024 жылғы маусым айының соңына 314 мың адам жұмыссыздар ретінде ресми тіркелген. Тіркелген жұмыссыздардың үлесі 2023 жылдың 2 тоқсанымен салыстырғанда 0,3 п.т. өсті және жұмыс күшінің санынан 3,3% құрады.

15 пен 34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,2%-ды құрады.

**Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері**

	Жұмыс күші, адам	Жұмыспен қамтылған халық, адам	Соның ішінде		Жұмыссыз халық, адам	Жұмыссыздық деңгейі, %	Жастар (15-34 жаста) жұмыссыздығы деңгейі, %	Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар, адам
			жалдамалы қызметкерлер	өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер				
2023								
I тоқсан	9 485 343	9 031 890	6 900 406	2 131 484	453 453	4,8	4,1	4 410 747
II тоқсан	9 567 725	9 115 082	6 945 820	2 169 262	452 643	4,7	3,6	4 329 223
III тоқсан	9 557 543	9 106 057	6 916 121	2 189 936	451 486	4,7	3,3	4 339 339
IV тоқсан	9 488 162	9 042 276	6 906 331	2 135 945	445 886	4,7	3,4	4 406 657
2024								
I тоқсан	9 619 969	9 167 300	6 981 361	2 185 939	452 669	4,7	3,1	4 533 817
II тоқсан	9 641 367	9 190 346	6 971 030	2 219 316	451 021	4,7	3,2	4 513 294

Динамикалық кестелер:[Айлар бойынша еңбек нарығының негізгі индикаторлары \(бағалау бойынша ақпарат\)](#)[Жұмыс күші](#)[Жұмыспен қамтылған халық](#)[Жұмыспен қамтылған халық ЭҚТ бойынша](#)[Жалдамалы қызметкерлер](#)[Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер](#)[Жұмыссыз халық](#)[Жұмыссыздық деңгейі](#)[Жастар жұмыссыздығының деңгейі \(15-34 жас\)](#)[Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар](#)[Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық \(Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес\)](#)[Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық \(Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес\)](#)[Еңбек нарығының негізгі индикаторлары \(жыл\)](#)[Еңбек нарығындағы жастар](#)**4 . Глоссарий**

Жұмыс күші – жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық.

Жұмыспен қамтылған адам – ақы үшін немесе мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру және сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы кіріс алу жолымен қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

Жұмыспен қамтылған адамдарға мыналар жатады:

- 1) жалдамалы жұмыскерлер, сондай-ақ ақы төленетін өзге де жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдар;
- 2) дара кәсіпкерлер;
- 3) жеке практикамен айналысатын адамдар;
- 4) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын, жалдамалы жұмыскерлерге жатпайтын жеке тұлғалар;

5) шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар;

6) тәуелсіз жұмыскерлер;

7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеріп жүргендер.

Жұмыссыз адам – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға.

Жұмыссыздық деңгейі – жұмыс күші санындағы жұмыссыздар санының процентпен есептелген үлесі.

15-34 жастағы жастар жұмыссыздығының деңгейі – 15-34 жастағы жұмыссыз халық санының осы жастағы жұмыс күші санындағы процентпен өлшенген үлесі.

Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі – бір жыл және одан астам уақыт жұмысы болмаған жұмыссыз халық санының жұмыс күші санындағы процентпен өлшенген үлесі.

Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар – жұмыспен қамтылмаған немесе жұмыссыз болып табылмаған адамдар.

5. Әдістемелік түсініктемелер

Қазақстан Республикасында 2001 жылдан бастап халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша іріктемелі зерттеу жүргізіліп келеді. Зерттеумен қорытындыларын халықтың барлық санына таратумен байқаудың іріктеме әдісінің негізінде республиканың барлық өңірлері қамтылады. 15 және одан жоғары жастағы адамдар байқау бірліктері болып табылады.

Ұсынылған көрсеткіштер кеңейтілген желі бойынша үй шаруашылығын (үй шаруашылықтарының жалпы санының 4,1%-і) іріктемелі зерттеуі қорытындысы негізінде қалыптастырылады, іріктеме жылына бір рет қалыптастырылады. Үй шаруашылықтарының тізімі Қазақстан Республикасы Тұрғын үй қоры тіркелімі негізінде қалыптастырылған. Іріктемені қалыптастыру әдіснамасы Қазақстанның Ұлттық статистикалық жүйесін нұғайту бойынша ҚАЗСТАТ Жобасы шеңберінде Германияның Дестатис статистикалық офисінің сарапшыларымен бірлесе әзірленді.

Халық пікіртерімі үй шаруашылығында әрбір мүшені сипаттайтын сұрақтан тұратын, халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеме зерттеу сауалдамасының көмегімен жүргізіледі. Сауалдама негізінде халық жұмыс күші немесе жұмыссыз және жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар бойынша жіктелетін сұрақтардың логикалық жүйелілік қағидатымен құрылады.

Ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі Әлеуметтік кодексіне сәйкес, сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) стандарттары мен әдістемелік тәсілдеріне негізделген.

6. Пайдалы сілтемелер

[Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халық санын анықтау әдістемесі](#)

[Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесі](#)

[Жұмыс уақыты индикаторларын қалыптастыру жөніндегі әдістеме](#)

["Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу сауалнамасы" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың нәтижелері бойынша еңбек көші-қонын көрсететін көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесі](#)

[Халықтың бейресми жұмыспен қамтылу көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

[T-001 "Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы" нысаны](#)

[T-004 "Лайықты еңбек" нысаны](#)

[Еңбек нарығының негізгі индикаторлары, 2020 ж.](#)

[Лайықты еңбек өлшемінің статистикалық көрсеткіштері, 2019ж.](#)

[Еңбек нарығы, "Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Жауапты шығару: Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті	Департамент директоры : Н.Белоносова Тел. +7 7172 749022	Орындаушы: Г. Бекішева Тел. +7 7172 749504 E-mail: gul.bekisheva@aspire.gov.kz	Мекен-жайы: 010000, Астана Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
---	---	--	--